

ТЕКСЕРІЛДІ:

Үлгілерге
қолданылған
жазба

19.09.2025 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балажан» бөбекжай балабақшасы

Топтар: «Звездочки» ересек тобы

«Лучики» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 22.09 – 26.09. 2025 жыл (4-апта)

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Апта дәйексөзі: «Еңбек - жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы» /Абай/

Күн тәртiбi	Дүйсенбi 22.09	Сейсенбi 23.09	Сәрсенбi 24.09	Бейсенбi 25.09	Жұма 26.09
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Ойыншықтар»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру.				
	«Күй күмбірі» күй тыңдау Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында күй қою: «Кеңес» күйі https://zvyki.com/song/90528959/Haly_k_j_-_Ke_es/				
	«Өнегелі 15 минут» Балаларды «кешір» деп айтуға машықтандыру Әңгіме: «Досыңды ренжітіп алсаң, не дейсің?»				
Сөздік минимум	Көп, аламын, аласың. Мен доп аламын. Қуыршақ, қара,		Маған доп берші. Сенде неше доп бар? Сен неше жастасың? Тұр-тұрындар		

	қарындаш		Отыр-отырындар		
<p>Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті</p>	<p><u>Ересек топ</u> Тақырыбы: «Мен доп аламын» Міндеттері: қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету: ә, ө, қ, ү, ұ; қарапайым сұрақтарға (Сен не аласың?) жауап беруді үйрету. «Салыстырайық» Бір доп. Көп доп. «Суретпен жұмыс» Бір ойыншық. Көп ойыншық. Бір бала. Көп бала. «Есте сақтайық!» Көп доп – доптар. Көп ойыншық – ойыншықтар. Көп бала – балалар. «Сұрақ-жауап» Мынау кім? Мынау – бала. Мынау кімдер? Мынау – балалар. Мынау не? Мынау – доп. Мынау нелер? Мынау – доптар. Жаңа сөздер Аламын.</p>		<p><u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Кел, қайталайық!» Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, і, ы, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; қарапайым сұрақ қояды (Сенде неше доп бар?) және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету; педагог үлгісі бойынша сөйлесуге үйрету.</p> <p>Әңгімелесу - Балалар, бүгін бізге Айгөлек қуыршақ қонаққа келді. Алдымен амандасып алайық. Айгөлектің ойыншықтары бар екен. Ойыншықтарға қандай сұрақ қоямыз? «Бұл не?» Бұл не? Бұл – доп. Бұл не? Бұл – текше. Бұл не? Бұл – қуыршақ. «Аз-көп» ойыны Көп текше – текшелер. Көп қуыршақ –</p>		

	<p>«Кел, сөйлесейік!» - Сәлем! - Сәлем! - Сен не аласың? - Мен доп аламын. - Міне, ал. - Рақмет!</p> <p>Қимылды әрекет «Сәлем! Сәлем!» https://goo-gl.com/wZV</p> <p>Рефлексия «Сұрақ-жауап» Сен не аласың?</p> <p><u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Қ дыбысы» Міндеттері: қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге және есте сақтауға, ол сөздерді қолдана білуге; қазақ тіліне тән қ дыбысын айтуға үйрету; тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету</p>		<p>қуыршақтар. Көп доп – доптар. «Кел, сөйлесейік!» 1) - Сәлем! - Сәлем! - Бұл не? - Бұл – доп. - Маған доп берші. - Міне, ал. - Рақмет!</p> <p>2) Сәлем! Сәлем! Сенде неше доп бар? Менде үш доп бар. Сен неше доп аласың? Мен үш доп аламын. Міне, ал. Рақмет!</p> <p>Қимылды әрекет «Күшіктер санамағы» https://goo-gl.com/x05</p> <p>Рефлексия «Бағдаршам» әдісі</p>		
--	--	--	---	--	--

Жұмбақ.

Аяғы бар, жүрмейді,
Аузы бар, күлмейді,
Айнымайды бөпемнен
Тек сөйлеуді білмейді.

(Қуыршақ)

- «Қуыршақ» деген
сөзде бірінші болып
қай дыбыс естіліп тұр?

- «Қ» дыбысы.

- Кәне, бәріміз «қ» деп
айтып көрейікші.

- Қ-қ-қ. Қалай айтылып
тұр?

- Қысқа кедергіге
ұшырау арқылы
айтылып тұр.

- «Қ» дыбысы
дауыссыз дыбыс.

- «Қуыршақ» сөзін
буынға бөлейік.

- Қу-ыр-шақ.

- «Қағаз, қалам,
қайшы» деген сөздерде
«қ» дыбысы қай
жерінде кездеседі?

- Сөздің басында,
ортасында, соңында
кездеседі.

**«Қ» дыбысынан
басталатын сөздер
айту.**

«Қыркүйек, қазан,
қараша» сөздерін
буынға бөлу,
мағынасын түсіндіру.

«Қ» дыбысы

бейнежазба
«Қ» дыбысының
артикуляциясы.
- Ерін ашылып, тілдің
үшы астыңғы тістің
түбіне тиеді.
- Тілдің үстіңгі жағы
таңдайға тиеді.
- Міне, «қ» дыбысы
осылай айтылады.

Қ дыбысын дұрыс
айтуға арналған
дыбыстық ойын
жаттығуы
Тауық балапандарын
жайылымға шығарды,
ал балапандар болса
жан-жаққа жүгіріп,
шөп арасынан тамақ
іздеді: тық-тық-тық.
Тауық оларды өзіне
шақырды:
Қыт-қыт-қыт,
қыт-қыт-қыт.
Тауыққа балапандарын
шақыруға
көмектесейік.

Сергіту сәті.
Ормандағы аюдың,
Құлпынайы көп екен.
Теріп-теріп алайық
Қалтамызға салайық.
«Дыбысты анықта»
ойыны.
Ойынның шарты:
педагог «а»
дыбысынан басталатын

	<p>сөздерді айтқан кезде балалар қол шапалақтайды, ал «қ» дыбысынан басталатын сөздерді айтқан кезде аяқтарын топылдатады.</p> <p>Сөздер: алма, қала, қызанақ, ана, аққала, асық.</p> <p>«Кім тез ойлайды?» ойыны.</p> <p>Ойын шарты: ойынға шыққан бала үстел үстінде тұрған заттардың ішінен «қ» дыбысынан басталатын затты таңдап алып, атын атауы және сол сөзге сөйлем құрауы керек.</p> <p>Сұрақ-жауап.</p> <p>- Балалар, біз қандай дыбыс туралы айттық?</p> <p>- «Қ» дыбысынан басталатын сөздерді атаңдар</p>				
<p>Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ,</p>	<p>«Суретпен жұмыс» Бір ойыншық. Көп ойыншық. Бір бала.</p>		<p>«Кел, сөйлесейік!» - Сәлем! - Сәлем! - Сенде доп бар ма?</p>		

<p>өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)</p>	<p>Көп бала. Тіл ұстарту жаттығуы. Қа-қа-қа. Ұшып кетті қарға. Қо-қо-қо. Қош бол енді қоңыз. Ку-ку-ку. Көлге қонды аққу.</p>		<p>- Ия, бар. Сен неше доп аласың? - Мен үш доп аламын. - Міне, ал. - Рақмет!</p>		
	<p>«Менің Қазақстаным» ҚР Гимні орындау</p> <p>«Адал азамат» бағдарламасы бойынша</p>	<p align="center">«Киіз үй» қимылды ойыны</p> <p>Мақсаты: балалардың есте сақтау қабілетін дамыта отырып, шапшандыққа үйрету. Ойын барысы: Төрт орындықты қояды. Әрбір орындықтың үстінде орамал жатады. Күй ойналып, балалар орындықты айнала жүреді, тәрбиешінің дабылы бойынша «киіз үй» құрады: орамалдың бұрышынан ұстап жоғары көтереді.</p> <p align="center">«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау</p>			